

IT-МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАЙ ОТЫРЫП

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

Цифрландыру қоғам өмірінің барлық салаларын, оның ішінде білім беру жүйесін дамытудың ажырамас элементіне айналуда. Пандемия жағдайында қазіргі заманғы әлемнің даму шындығы – қоғам өмірінің барлық салаларын цифрландыру, білім беру саласына, әсіресе жоғары оқу орындарына диджитализацияны енгізудің алғышарттарына айналды.

Қазіргі әлем тез өзгеруде. Әлем цифрлық сауаттылық бойынша жаңа дағдыларды меңгеру және өз білімін уақыт талаптарына сәйкес жаңарту қажеттілігінің алдында тұр. Бұл сын-қатерлер жоғары оқу орындарының алдында да тұр және оқу процесіндегі өзгерістерді ғана емес, оқытудың жаңа нысандарын енгізуді, оларды түрлендіруді және аудиториялық форматтан кез келген уақытта және кез келген жерде білім алушыларға білім беру қызметтерін ұсынуға мүмкіндік беретін платформалардың басқа түрлеріне көшуді айқындайды.

Ең бастысы, бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында білім беру процесінің нақты цифрлық трансформациясы жаңа білім беру бағдарламалары бойынша талапкерлерді қабылдау және қолданыстағы озық бағдарламаларды сапалы жетілдіру сияқты түсінік қана емес, сонымен бірге нақты істер пайда болды.

Бүгінде цифрлық технологиялар – заманауи университеттің жан-жақты дамуының бірегей тетігі деп айта аламыз. Тәжірибе мен білімді жылдам алмасу, онлайн-оқытуды бейімдеу,

цифрлық кітапханалар мен цифрлық кампустарды дамыту үшін мүмкіндік жасалды.

Бұрын тек нағыз сарапшылар мен ғалымдардың ортасына ғана қолжетімді болатын бірегей ақпарат алатын субъектілер аясы кеңейді. Цифрлық технологиялардың арқасында біз ғылыми әлемнің жаһандануы және академиялық ұтқырлықтың белсенді дамуы туралы сенімді түрде айта аламыз.

Жоғары оқу орындарын халықаралық білім беру кеңістігіне біріктірудің перспективалы бағыты шетелдік сарапшылар мен студенттерді тарту, халықаралық кампустарды ашу, ғалымдар мен білім алушылар үшін академиялық ұтқырлық бағдарламаларын күшейту болып табылады. Жаһандану үрдістері мен қосымша білім беру саласындағы білім беру қызметтерінің онлайн-сегментінің үлесін арттырудың дәстүрлі жүйені түбегейлі өзгерте алатынын ерекше атап өткен жөн. Цифрлық білім беру ресурстары білім беру саласындағы ақпараттық қызметтерді дамыту үшін база болып отыр. Оқыту жүйесінің диджитализациясы тұрғысынан ерекше сұраныс кәсіби біліктілікті арттыру немесе жаңа шет тілін үйрену бол-



сын, қосымша білім беру жүйесінде көрінетінін атап өткен жөн.

Қазіргі заманғы ЖОО-ның стратегиялық жаңаруында цифрлық трансформация да ерекше рөл атқарады. Біз IT-ресурстарды қайта жарақтандыру туралы ғана емес, сондай-ақ адами әлеуетті қайта жүктеу, кәсіби капитал мен корпоративтік мәдениетті жаңарту, оқу орнының әлеуметтенуі, коммуникациясы, оның барлық ішкі процестерін оңтайландыру туралы айтуға тиіспіз. Бүгіннің күн тәртібінде болуы тиіс ең басты мәселе – қабылданған шешімдердің мерзімділігі, уақтылығы және тиімділігі қағидаттарын сақтау.

Цифрландыру ЖОО-ның мақсатты аудиторияға көбірек бейімделуіне сеп болуы тиіс, бұл білім беру нарығында оны бәсекеге қабілетті етіп қана қоймай, студенттер үшін қосымша құндылықтар жасайды.



Барлық бөлімшелердің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру сияқты ішкі процестерді цифрландырудың күтілетін маңызды нәтижесіне назар аудару керек.

Ішкі мазмұнды сапалы жаңғырту сол ауқымды инновациялық өзгерістердің ажырамас элементі болып табылады. Бүгінде цифрландыру саласындағы қазіргі заманғы кәсіби құзыреттерінің базалық моделін әзірлеу, негізгі құзыреттер тізбесін және оларды өзектендіру тетіктерін айқындау, оның ішінде өңірлік ерекшеліктер мен білім алушының жеке даму траекториясын бекіту мәселесі өзекті болып табылады. Цифрландыру саласындағы бейінді құзыреттер бойынша мамандарды (ұйымдар мен кәсіпорындар басшыларын қоса алғанда) даярлауды, қайта даярлауды және оқытуды жүзеге асыру әрбір жоғары оқу орны үшін аса маңызды болуға тиіс.

Қазіргі заманғы ғылыми әлемнің жаһандануы жағдайында біз диджитализацияның сараптамалық орталықтарын жетекші қазақстандық және шетелдік компаниялармен бірлесіп құру және олардың қызметін сынақтан өткізу туралы сөзсіз айтуға тиіспіз. Математиканы, информатиканы, қаржы математикасын және цифрлық экономиканы тереңдете зерделеу үшін оқу-әдістемелік кешендерді, оқу симуляторларын, тренажерларды, виртуалды зертханаларды әзірлеуге және сынақтан өткізуге де назар аудару қажет.

Цифрлық университетті дамыту міндетті түрде заманауи нарықтың қажеттіліктеріне мониторинг жүргізумен, білім берудің әрбір деңгейі үшін диджитализацияның негізгі құзыреттеріне қойылатын талаптарға сәйкес барлық деңгейдегі білім беру бағдарламаларын енгізумен және өзектендірумен, олардың сабақтастығын қамтамасыз етумен сүйемелденуі тиіс.

Диджитализация барлық университеттерге педагогикалық, экономикалық, құқықтық, жаратылыстану тұрғысынан түбегейлі әсер етуі

керек. Педагогтің IT-технологиялар туралы білімінің, экономистің және заңгердің диджитализация саласындағы дағдыларының болуына баса назар аудару біздің білімімізді сапалы жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Мәселен, тергеп-тексеру немесе бағалы қағаздар нарығын криминализациялауға қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдау кезінде қазіргі жас кәсіпқой экономист, сондай-ақ заңгер және IT-маманның да дағдыларына ие болуы тиіс.

Қазір барлық университеттер, соның ішінде қазақстандық университеттер цифрлық білім беру қызметтерін енгізуде және осы қызметтерді университеттен студенттің жеке ноутбугі немесе смартфонна кез келген ыңғайлы уақытта және жерде жеткізу принципімен жұмыс істейді. Университет пен оның студенттеріне цифрландыру беретін артықшылықтар мен мүмкіндіктер — бұл жеке білім беру траекториялары мен оқыту технологиялары, виртуалды және кеңейтілген шындық, мобильді құрылғылар арқылы оқыту және басқалар. Бірақ бұл ретте онлайн-платформаға қойылатын оқу материалының сапалы контентін жасау және цифрландыру саласындағы заманауи және өзекті үрдістерді ескере отырып, ғылыми-зерттеу қызметінің бағыттарын жаңғырту бойынша оқытушылардың жұмысы басты мәселе болып қала береді. Бұл жұмыста сапалы білім беру мазмұнын құру жоғары басымдыққа ие, қиын міндет және ұзақ уақытты қажет ететінін түсіну керек.



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті цифрландырудың оқу процесі мен студенттерді оқытуға қолданылуына қатысты сандық технология дәстүрлі оқыту форматтарын толығымен алмастырмай, тек оларды толықтыруы керек деген қағиданы ұстанады. Сандық контенттің сапасына көп көңіл бөлінеді. Оқытушылардың қашықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып оқытын студенттер үшін онлайн-интерактивті сабақтар жүргізуге және ЖАОК арқылы біліктілікті арттыру курстарынан өтуге мүмкіндік беретін арнайы тьюторлық сынып жабдықталған, сондай-ақ электронды кесте жүйесін, электронды журналды және студенттерді электронды тіркеуді жүргізуге мүмкіндік беретін жүйе бар, Platonus платформасының ажырамас бөлігі болып табылатын және маңызды ақпаратқа жылдам қол жеткізуге мүмкіндік беретін электрондық құжат айналымы жүйесі де жұмыс істейді.

Дегенмен, университет контенттік дигитализация: қазіргі заманғы ақпараттық технологияларға негізделген кәсіпкерлікке бағытталған оқу ортасын қалыптастыру жобасын жүзеге асыру арқылы қолданыстағы ІТ жүйесінің функционалдығын дамыту және кеңейту бойынша жұмыстарды атқаруда.

Атап айтқанда, университет үдерістері толықтай HERO автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне көшірілуде. Бұл жүйе арқылы университеттің білім порталын студенттердің визуалдық биометриялық деректеріне қарай танып, электронды журналға жіберу мүмкіндігі кеңейеді, университеттің порталын ПОҚ және академиялық қызметкерлердің шынайы жұмыс уақытын визуалды есепке алу мүмкіндігі жасалады, университеттің, студенттердің және профессор-оқытушылар құрамының нақты уақыттық жағдайы мен академиялық қызметінің ашықтығын қамтамасыз ететін оқу үрдісін басқарудың ІТ-ортасын құруға мүмкіндік тудырады.

Университетте ІТ бағыттың 5 білім бағдарламасы бойынша кадрлар дайындалуда. Қазіргі уақытта бұл салада 316 студент білім алып жатыр. Барлық білім бағдарламалары жұмыс берушілермен бірлесе жасалынған.



Алайда нақты еңбек нарығының сұранысына уақытылы жауап беру үшін кәсіби стандарттардың қажеттілігі туындап отыр. Білім және ғылым министрлігі тарапынан осы бағыт бойынша кәсіби стандарттар жасалынады.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ІТ бағыт бойынша кадрларды QWANT жоғары технологиялар мектебімен бірлесе дайындауды бастап кетті. QWANT – бірегей онлайн АКТ саласындағы кадрларды даярлауға арналған жоғары технологиялар мектебі, Еуропа мен АҚШ-тың үздік бағдарламалау мектептерінің озық тәжірибесін біріктірген QWASAR платформасы. Қазіргі уақытта QWANT жоғары технологиялар мектебі біздің білім бағдарламаларымызға талдау жасауда. QWANT жоғары технологиялар мектебімен бірлесе, белсенді оқыту (мұғалімдерсіз, дәрістерсіз және бағаларсыз), тең андрогогика (peer-to-peer), жобаны басқару, геймификация, рөлдік модельдеу, онлайн бағдарлама және менторларды қолдау, кәсіби қауымдастық және мансаптық өсу, нақты кейстер, техникалық сұхбат, бұлтты шешім, студенттің үлгерімін автоматты түрде бағалау және бақылау, кіріктірілген репозиторий сияқты кадрлар дайындаудың мүмкіндіктерін пайдаланамыз.

ІТ саласындағы еңбек нарығы бос жұмыс орындарына толы. ІТ-мамандығы бойынша оқуды аяқтағаннан кейін түлектер бағдарламашылар, веб-әзірлеушілер, желілік және компьютерлік жүйелер әкімшілері, желілік инженерлер, компьютерлік жүйелер талдаушылары, компьютерлік қолдау мамандары, желілік сәулетшілер және т.б. жұмыс істей алады.

ІТ-технологиялар соншалықты қарқынды дамып келеді, оларда өзгерістер салыстырмалы түрде қысқа мерзімде орын алады. Адамзат қарым-қатынас пен ақпарат берудің жаңа деңгейіне көшуде, бұл ІТ-технологиялардың алдында көптеген өзгерістер бар екенін білдіреді.

Бұл мәселедегі ең маңызды реформаторлар байланыс және информатика саласында білім алған адамдар болады.

Біз Атырау облысында ІТ-мамандарды дайындауда іргелі жоғары оқу орындардың бірі болғандықтан алдымызда тұрған міндеттерді жүзеге асыру бойынша көптеген жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз.

**Қансұлу УТЕПКАЛИЕВА,
Х. Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
академиялық мәселелер жөніндегі
проректорының м.а.,
экономика ғылымының кандидаты**

АННОТАЦИЯ ○

В статье автор А. Утепкалиева рассказывает о проводимой в университете работе по контентной цифровизации: развитию и расширению функционала существующей ІТ-системы через реализацию проекта по формированию предпринимательской учебной среды, основанной на современных информационных технологиях, подготовке кадров по образовательной программе ІТ-направления.